

Жетістік мектебі "Керім - ай" балабақшасы

«Қарттарын қадірлеген ел ардақты»

(ашық ұйымдастырылған іс-әрекет)



"Күншуақ" тобы

Тәрбиеші: Қалила Ж

Ақтөбе қаласы

2022 жыл

Мақсаты: Өз ата-бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден ғибрат алуға үйрену. Балалардың бойына халқымыздың қадір қасиетін сіңіру, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: отбасы мүшелерінің суреттері, слайд, видеоролик.

Әдіс-тәсілдер: әңгімелеу, түсіндіру, ойын, сұрақ-жауап.

Тәрбиеші: Балалар ұйымдастырылған оқу қызметімізді бастамас бұрын, алдымен сендерге сұрақ қойғым келіп отыр.

Қазір жылдың қай мезгілі? (Күз)

Күз мезгілінде қанша ай бар? (үш ай бар)

Атайықшы? (Қыркүйек, Қазан, Қараша)

Дұрыс айтыңдар.

Енді осы қазан айында қандай мерекелер бар білесіңдер ме? (Ұстаздар күні, Республика күні)

Дұрыс айтасыңдар.

Қазан айында бұл мерекелерден басқа тағы да мерекелер бар.

Ол 1-қазан қарттар күні.

Сондықтан бүгінгі ұйымдастырылған ашық оқу қызметіміз қарттар күніне арналмақ. Мен сендерге жұмбақ жасырайын.

Жұмбақ:

Айтары мол ғұлама

Көп жасаған бұл адам

Әкесі ол әкесінің

Білер оны сұраған

Ол кім (Ата)

Аймалайды «Күнім» деп,

Мейірімді жүзі күлімдеп

«Тәтті –ақ» дейді немере,

Бал шырындай үнің деп

Ол кім? (әже)

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, балалар, дұрыс таптыңдар. Осы атамызбен әжемізді бір сөзбен қалай атаймыз? қарттар дейміз

Дұрыс айтасыңдар ,балалар. — «Ақылды қария-ағып жатқан дария» деп тегін айтылмаған. Осы қарттарымыз бәйтерек болса, біз соның жапырағымыз.Адам өмірдегі ең игі істің бірі-қарт кісілерге қамқорлық,мейрімдік,түсіністік,сүйіспеншілік, жанашырлық, сыйластық таныта білуіміз керек.

Ал енді осы атамыз бен әжемізге сендер кім боласыңдар? (немере)

Балалар анамыздың әкесі, анасы сендерге кім балады? (нағашы ата, нағашы әже)

Ал сендер оларға кім боласыңдар? (жиен)

Жарайсыңдар. Балалар бізге бүгін қонаққа әжеміз келіпті . Қарсы алайық.

Балалар ата-әже туралы жаттаған тақпақтарымызды айтып берейік.

Абай.

Атамыз біздің панамыз

Атамыз біздің данамыз

Атадан ақыл аламыз

Атадай адам боламыз.

Айда.

Жақсы ісімізді мақтан қылып

Жамандықтан сақтандырып

Жүрген алтын ақ әже

Жүрсем деймін шаттандырып

Жігер.

Немересін жанынан артық көретін,

Екі еткізбей бәрін алып беретін

Әжелердің құшағында күн иесі

Еркелігі үзілместен күлетін

Айша

Нағашы әжем анамның анасы,

Жиендердің ақылшысы санасы

Қонақ болып бара қалса үйіне

Бәйек болып қарсалады нағашы

Жарайсыңдар балалар, өте жақсы тақпақтар біледі екенсіңдер.

Суреттер бойынша әңгіме.

Балалар сұрақтарға жауап береді.

(Өз ойларын айтады).

Қортынды: Қазақтар-«Төріңнен қарт кетпесін»деп тілеген халық.

Жасы үлкенге құрмет ету , қарттың бүгілген беліне сүйе болу-біздің ата дәстүріміз .Өзіңді өмірге келтірген, тіршілігіңе нәр берген ата-ананың алдында парыз-міндеті өлшеусіз.

Ендіге кезекте әжеміз бізге батасын берсін. Қолымызды жаяйық.

Балаларым рахмет сендерге

Балаларым болмасын деп кеуде

Қобызыңмен қосып ән мен тіл бердің

Өмірге мен мылқау болып енгенде

Балаларым рахмет сендерге!», -деп Мұқағали Мақатаев атамыз айтқандай міне, балалар , біз өзіміздің ата –әжелеріміз алдында қарыздармыз. Ол қарызымызды тек жақсы тәрбие арқылы, адамгершілігі мол, мейірімді болу арқылы ғана, оларды көрген жерде құрметтеп сыйлау арқылы ғана қайтара аламыз. Қарттарымызды ардақтап өтейік ! Оларды сыйлаңдар, қадірлеңдер!



